

2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдаланудың ережесі мен өкілдік шығыстардың нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 наурыз N 399

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950

P001950_

қаулысын іске асыру мақсатында

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) 2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдаланудың ережесі;

2) өкілдік шығыстардың нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 28 наурыздағы

N 399 қаулысымен

бекітілген

2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдаланудың ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдаланудың тәртібін белгілейді.

2. Өкілдік шығыстар - тиісті қаржы жылына арналған республикалық

бюджетте көзделген және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне шетелдік делегацияларды қабылдауға, кеңестер, семинарлар, салтанатты және ресми іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ мемлекеттің ресми делегацияларының шет елдердегі өкілдік мақсаттарына бөлінетін қаражат.

Өкілдік шығыстарға:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен көзделген жағдайларда, іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына шақырылған тұлғалардың тұруына және баратын пунктіне дейінгі көліктік шығыстарына ақы төлеуге;

<*>

2) ресми түстіктерге, кешкі астарға, кофе-брейктерге, фуршеттерге;

3) музыкалық сүйемелдеуге;

4) кәдесыйлар, ескерткіш сыйлықтар сатып алуға;

5) автокөліктік қызмет көрсетуге;

6) аудармашылардың қызметіне ақы төлеуге;

7) залды жалға алуға;

8) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі рұқсат еткен өзге шығыстар жатады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1115

қаулысымен.

P011115_

2. Республикалық бюджеттің өкілдік шығыстарға бөлінетін қаражатын пайдаланудың тәртібі

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде және 2001 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік

шығыстарға көзделген қаражат көлемде өкілдік шығыстарды талап ететін Іс-шаралардың жылдық жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) жасайды және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісуге ұсынады.

4. Жоспардың негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша осы қаулымен бекітілген нормаларға сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне өкілдік шығыстарға қаражат бөлуді жүзеге асырады.

5. Өкілдік шығыстарға қаражат бөлу туралы шешім Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бұйрығымен ресімделеді.

6. Республикалық бағдарламалар әкімшілерінің республикалық бюджеттен өкілдік шығыстарға қаражат бөлу туралы өтінімдерін:

- 1) іс-шараны өткізу қажеттілігінің негіздемесі;
- 2) ресми делегацияның болу бағдарламасы;
- 3) іс-шараларға дайындалудың және оларды өткізудің жұмыс жоспары;
- 4) қатысушылардың күтілетін саны;
- 5) шығыстардың әрбір бабының негіздемесімен бірге шығыстар сметасы;
- 6) осы Ереженің 3-тармағына сәйкес Жоспарда тиісті іс-шара болған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қарайды.

7. Осы Ереженің 2-тармағының 3), 4), 7) тармақшаларында белгіленген өкілдік шығыстар бойынша республикалық бағдарламалардың әкімшілері көрсетілген қызметтерді ұсынатын ұйымдардың қызметтерінің құны мен деректемелерін көрсете отырып, растайтын құжаттарды ұсынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1115

қаулысымен. P011115_

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бұйрығының негізінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттің жазбасына өзгерістер енгізеді:

Қазақстан Республикасының аумағында өкілдік шығыстарды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 42 "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша жоспарлы арналуларды азайтуды және республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісінің 23 "Өкілдік шығыстарға арналған қаражаттың есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша жоспарлы арналуларды ұлғайтуды жүргізеді;

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде өкілдік шығыстарды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің 42 "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша жоспарлы арналуларды азайтуды және 23 "Өкілдік шығыстарға арналған қаражаттың есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша жоспарлы арналуларды ұлғайтуды жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының аумағында өкілдік шығыстарды қаржыландыру

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

10. Қазақстан Республикасының Президенті мен Премьер-Министрі шетелге шыққан кезде өкілдік шығыстарға қолма-қол шетелдік валюта бөлу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бөлінген қаражатты айырбастау үшін Ұлттық Банктің Астана қаласындағы Қазынашылық басқармасында валюталық есепшот ашады.

Астана қаласының Қазынашылық басқармасының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Орталық филиалы шетел валютасын айырбастауды жүзеге асырады және оның корреспонденттік (валюталық) шотына аударады.

Астана қаласының Қазынашылық басқармасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалының үзінді көшірмесінің негізінде шетелдік валютаны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің валюталық есеп шотына аударады. <*>

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ай сайын айдың 10-шы күніне дейін тиісті айға жоспарлы арналуларға бара-бар сомада келесі күнтізбелік айда қолма-қол шетелдік валютасын алуға Астана қаласының Қазынашылық басқармасына өтінім жолдайды;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілдік шығыстарға қаражатты бөлу туралы қабылданған шешімнің негізінде шетелдік қолма-қол валютаны алуға арналған сенімхатты беру үшін ресми делегацияның құрамына кіретін адамды көрсете отырып, Астана қаласындағы Қазынашылық басқармасына хат жолдайды. Астана қаласындағы Қазынашылық басқармасы Сыртқы істер министрлігінің хатында көрсетілген адамға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің Астана қаласындағы Орталық филиалынан қолма-қол шетелдік валюта алуға арналған сенімхат береді.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1115

қаулысымен. P011115_

3. Есеп беру және бақылау жасау

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілдік шығыстарға бөлінетін қаражаттың жұмсалыуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

12. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен өкілдік шығыстарға арналған қаражатты алған адамдар, іс-шаралар өткізілгеннен кейін 5 күннің ішінде бірінші басшының (оны алмастыратын адамның) қолы қойылған:

- 1) өткізілген іс-шараға қатысушылардың іс жүзіндегі санын растайтын құжатты;
- 2) осы Ереженің 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өзге де шығыстар жөніндегі шешімі;
- 3) сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің тиісті

тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатқан ұйымның мөрімен расталған құны мен көлемін көрсету арқылы растайтын құжаттарды (түбіртектерді, есеп-фактураларды, жөнелтпе құжаттарды);

4) <*>

5) осы Ереженің 10-тармағымен анықталған тәртіппен бөлінетін қаражат бойынша есеп беретін тұлға үш банктік күннің ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық шотына пайдаланылмаған ақшаның сомасын қайтарады және оған Қазақстан Республикасы Президентінің шетелге шығуы кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары бекіткен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шетелге шығуы кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары бекіткен, елтаңбалық мөрмен расталған өкілдік

мақсаттарға арналған шығыстар жөніндегі актіні, сондай-ақ қолма-қол қаражатты қайтару туралы түбіртектері және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалының кіріс ордерін тапсырады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1115 қаулысымен.

P011115_

13. Өкілдік шығыстарға бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы үшін жауаптылық қаражатты алушыға жүктеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 28 наурыздағы
N 399 қаулысымен
бекітілген

Өкілдік шығыстардың
Нормалары

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1115 қаулысымен.

P011115_

1. Ресми түстіктерді, кешкі астарды беруге арналған шығыстар делегация үшін күнінен бір адамға арналған есеппен жүргізіледі 6 500-ге дейін
 2. Аудармашыны және бірге жүрген адамдарды қоса алғанда, келіссөздер, мәдени бағдарлама. лар іс-шаралары кезіндегі күніне бір адамға 1 040-қа дейін арналған буфеттік қызмет көрсету
 3. Делегацияны қабылдайтын мемлекеттік органның штатында тұрмайтын аудармашының еңбегіне ақы төлеу (сағатына) 700-ге дейін
 4. Автокөліктік қызмет көрсету
<*>
700-ге дейін
-

Ескерту:

1. Шетелдік делегацияларға автокөлікпен қызмет көрсетуге арналған шығыстар, сағаттық төлеу есебімен шығыстардың сметасында көзделеді.
2. Түстік, кешкі ас немесе шетелдік делегацияларды ресми қабылдауға байланысты басқа да осы секілді іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасы тарапынан қатысушылардың саны шетелдік делегациялардың тарапынан қатысушылардың санынан аспауы тиіс.
3. Делегацияның құрамы 5 адамнан артық болған кезде делегацияға қызмет көрсететін ілесіп жүретін адамдар мен аудармашылардың саны делегацияның 5 мүшесіне 1 аудармашы немесе ілесіп жүруші есебімен айқындалуы тиіс.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК